

2024 жылға арналған балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 6 ақпандағы № 07/03 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2 тармағының 8-4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" №381 бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы "6" ақпандағы
№ 07/03 қаулысына қосымша

2024 жылға арналған балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/н	Қосымша білім беру үйірмелерінің бағыттары мен атаулары	2024 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны)	Шығын құны	
			бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге (теңге)	ерекше білім беру қажеттіліктері бар бір балаға (теңге)
	Ғылыми-техникалық	750		
1	робототехника, физика мен робототехника	225	807	1417
2	3Д модельдеу, компьютерлік графика, құрастыру, бағдарламалау	450	807	1417

3	ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған құрастыру	50	822	1432
4	л е г о конструкциялау	25	807	1417
Туристтік-өлкетану		200		
1	гид-экскурсовод	70	699	1201
2	экологиялық туризм , өлкетану	60	699	1201
3	скалалаздау	70	699	1201
Көркемдік - эстетикалық		665		
1	Арт терапия	270	807	1417
2	қыш, керамика	290	807	1417
3	оригами	50	807	1417
4	ағашқа көркем сурет салу	25	807	1417
5	кестелеу, ілмекпен, жіппен тоқу, тігу, макраме	30	807	1417
Әлеуметтік-педагогикалық		595		
1	кәсіпкерлік негіздері	165	699	1201
2	журналистика	80	699	1201
3	зияткерлік ойындар клубы	150	699	1201
4	пікірсайыс қозғалысы, шешендік өнер	200	699	1201
Гуманитарлық		503		
1	тіл курстары	503	699	1201
Экологиялық - биологиялық		180		
1	флористика	40	807	1417
2	экожурналистика	90	807	1417
3	иппотерапия	50	807	1417
Жаратылыстану-математикалық		260		
1	математикалық курстар	260	699	1201
	Барлығы	3153	202 214 664	